



Ақпараттық қорықталған № 511-1951
Нұр-Сұлтан қаласы

Ақпараттық қорықталған № 138/24
город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласының
кейбір құрамдас бөліктеріне
атау беру және қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 14-1-бабының 2-тармағына, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Мыналарға:

Нұр-Сұлтан қаласының «Алматы» ауданы бойынша:
жобалық атауы А24 көшеге – Орал Мұхамеджанов көшесі;
жобалық атауы А40 көшеге – Нұрлан Балғымбаев көшесі;
жобалық атауы А62 көшеге – Сафуан Шаймерденов көшесі;
Абылай хан даңғылында, Дина Нұрпейісова ескерткішінің жанында орналасқан атаусыз аллеяға – «Қазақ елінің күйшілері мен күйші-композиторларының аллеясы»;

Нұр-Сұлтан қаласының «Есіл» ауданы бойынша:

жобалық атауы № 202 көшеге – Нұркен Әбдіров көшесі;
жобалық атауы Е103 көшеге – Олжабай батыр көшесі;
жобалық атауы Е111 көшеге – Шерхан Мұртаза көшесі;
жобалық атауы Е324 көшеге – Дүкенбай Досжан көшесі;
жобалық атауы Е325 көшеге – Еркеғали Рахмадиев көшесі;
жобалық атауы Е357 көшеге – Александр Сызғанов көшесі;
жобалық атауы Е486 көшеге – Еркін Әуелбеков көшесі;
жобалық атауы Е576 көшеге – Қанай би көшесі;

жобалық атауы E577 көшеге – Хамза Есенжанов көшесі;
 жобалық атауы E578 көшеге – Бопай ханым көшесі;
 жобалық атауы E579 көшеге – Қайреден Қарбаев көшесі;
 жобалық атауы E580 көшеге – Сабыр Ниязбасқов көшесі;
 жобалық атауы E582 көшеге – Бергіс би көшесі;
 жобалық атауы E607 көшеге – Құман Тастанбеков көшесі;
 жобалық атауы E608 көшеге – Шолпан Жандарбекова көшесі;
 жобалық атауы E757 көшеге – Ақселеу Сейдімбек көшесі;
 жобалық атауы E758 көшеге – шейх Халифа бен Заид әл-Пахьян көшесі;
 жобалық атауы E889 көшеге – Барлыбек Сырттанұлы көшесі;
 жобалық атауы E890 көшеге – Ермұхан Бекмаханов көшесі;
 жобалық атауы E898 көшеге – Тұрсынбек Кәкішев көшесі;

Қабанбай батыр даңғылында, «Салтанат Сарайы» кешені мен «The St. Regis Astana» қонақ үйі арасында орналасқан атаусыз скверге – Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің патшайымы II Елизавета атындағы сквер;

Дінмұхамед Қонаев көшесінде, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ғимаратының алдында орналасқан атаусыз аллеяға – «Нәзір Төреқұлов атындағы дипломаттар аллеясы»;

Нұр-Сұлтан қаласының «Сарыарқа» ауданы бойынша:

жобалық атауы № 20-40 көшеге – Сәбит Мұқанов көшесі атауы берілсін.

2. Мыналар:

Нұр-Сұлтан қаласының «Алматы» ауданы бойынша:

Нұрлыжол көшесінің № 37 үйден басталып, № 26 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Бозоқ көшесі;

Мұстафа Шоқай көшесінің № 2 үйден басталып, № 10 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Ботай көшесі;

Мұстафа Шоқай көшесінің № 20А үйден басталып, № 33/2 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Түймекент көшесі;

Бастөбе көшесінің № 23 үйден басталып, № 37 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Жарқұдық көшесі;

Георгий Игишев көшесінің № 2 үйден басталып, № 16/3 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Ақжал көшесі;

Бірлік көшесінің № 2/1 үйден басталып, № 30/1 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Алшалы көшесі;

Иманак көшесінің № 13 үйден басталып, № 7Б үйге дейін жалғасқан бөлігі – Жалтыр көшесі деп қайта аталсын.

3. Осы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің бірлескен қаулысы және Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастикалық комиссиясының қарауына енгізілсін.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі




А. Колгінов

**Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы**




Е. Каналимов